

ӨОЖ 636.3:636.082(574.1)
ҒТАХР 68.39.31, 06.71.07

Ержанова Ж.К., экономика ғылымдарының кандидаты, <https://orcid.org/0000-0002-6935-593X>
"Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті" КеАҚ, Орал қ.,
Жәңгір хан көшесі 51, 090009, Қазақстан, e-mail: ganar_000@mail.ru

Yerzhanova Zh.K. - Candidate of Economic Sciences, <https://orcid.org/0000-0002-6935-593X>
NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk,
st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, e-mail: ganar_000@mail.ru

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ PROBLEMS OF ORGANIZATION OF SHEEP BREEDING IN WKO

ТҮЙІН

Агроөнеркәсіп кешенін жеделдетіп дамыту міндетін орындауда Қазақстан Республикасында қазіргі экономикалық жағдайында өндіріс процесі аймақтың табиғи-экономикалық ерекшеліктеріне қарай қайтадан құрылуды. Ұдайы өндірістің басты шарты қоғамға пайдалы өнім өндірісін қамтамасыз ету. Агроөнеркәсіп кешені қоғамдық шаруашылықтың басты саласы, оны табысты салаға айналдыру арқылы халық шаруашылығын арттыруға болады. Агроөнеркәсіп кешені арқылы елді азық-түлікпен қамтамасыз ете отырып, ауыл шаруашылығының өнімдерін экспортқа шығару арналарын да кеңейту қажет.

Еліміздің мал шаруашылығында қой шаруашылығы басты саланың бірі саналады. Бұл салада елімізде мал басын асылдандыру, өнімін шет мемлекеттерге экспорттау енді жолға қойылып келеді. Бұл тек ет шаруашылығын арттырып қоймай, жалпы ел экономикасының артуына ықпал жасайды.

ANNOTATION

In fulfilling the task of accelerated development of the agro-industrial complex in the Republic of Kazakhstan in a market economy, production is changing in all regions due to natural and economic features. Production of products that are in demand everywhere has become a key condition. Given the current global trends and the social situation, the agro-industrial complex should be a highly important, successful sector of the economy. It should contribute to the expansion of export channels for agricultural products, ensuring food security of the country.

Sheep breeding plays an important role in the agro-industrial complex of Kazakhstan. This is due to the fact that the sheep farm provides valuable food and raw materials such as meat, fat, wool, skin, fur, milk, which are very important for the population and industry.

High achievements can be achieved only through the introduction of advanced scientific achievements into production. If sheep breeders of the country use these innovations effectively, there is no doubt that sheep breeding in Kazakhstan will develop rapidly and become a profitable industry.

Кілт сөздер: Агроөнеркәсіп кешенін, қой шаруашылығы, макро-аймақ, қой шаруашылығы, жұртшылық шаруашылық, ұйымдастыру, тиімділік, болжам.

Keywords: agro-industrial complex, sheep breeding, macro-region, sheep breeding, public economy, organization, efficiency, forecast.

Кіріспе. Қазақстан агроөнеркәсіп кешеніндегі қой шаруашылығы өнімдерін өндіру халқымыз бен жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етудің басты көзі болып табылады. Соңғы жылдары агроөнеркәсіп кешенінде де өндіріске озық ғылыми жетістіктерді енгізу барысында қой шаруашылығы саласында да түрлі зерттеулер нәтижесін енгізу артып келеді. Бұл саладағы өнімділіктің артуына, сапалылыққа әкеледі.

Соңғы 30-40 жылда қой шаруашылығы саласында көптеген ғылыми жаңа жоғары өнімді қой тұқымдарын тездетіп өсіру, сапалы өнім өндіру технологияларын пайдалана бастады. Сол

жаңалықтарды еліміздің қой өсірушілері тиімді пайдаланса, сөз жоқ Қазақстанның қой шаруашылығы қарыштап дамып, тиімді салаға айналады. [1]

Қазіргі кезеңде қой шаруашылығы Қазақстан облысының Батыс Қазақстан облысында өте қарқынды дамып келеді және табиғи жайылымдармен шабындықтар жағдайларында мал шаруашылығы саласында экономикалық тиімді сала болып табылады. Осы жағдайларда өсірілетін етті жүнді бағыттағы ақжайық жартылай биязы жүнді қой тұқымының аталған аймақта болашағы зор. Еліміздің әртүрлі жағдайларына бейімделген қой тұқымдарының ішінде етті-жүнді бағыттағы ақжайық қой тұқымының орны ерекше. Себебі бұл қой тұқымы Батыс Қазақстан облысы тұтынушыларының қой етіне сұранысын қамтамасыз етіп отырған етті-жүнді қой тұқымы. Бұл қой тұқымын шығару жұмыстары Батыс Қазақстан облысында 1943 жылдары цигай қошқарларын жергілікті қойларға пайдалаудан басталып, кейінірек Мыңбаев тәжірибе шаруашылығынан әкелінген линкольн, ромни-марш жарты қанды қошқарларын пайдалану және ұдайы іріктеу, сұрыптау негізінде будандарды өзара өсіру жұмыстары нәтижесінде қалыптастырылып, шығарылған етті-жүнді бағыттағы қой тұқымы. [2]

Зерттеу әдістері. Соңғы жылдары жалпы республика деңгейінде құрғақшылық салдарынан малдарды азық-түлікпен қамтамасыз ету басты мәселе ретінде қалып отыр. Батыс Қазақстан облысы аймақтық деңгейде өсімдік шаруашылығы экономикасы тұрақсыздық және тез өзгергіштігімен сипатталады, сондықтан оны заманауи агротехникалық технологияларды қолдану арқылы теңестіру негізінде ұйымдастыру шарт. [9] Тиімді ұйымдастырылған өсімдік шаруашылығы мал шаруашылығы тиімділігін арттыру кепілі болары сөзсіз.

Қазіргі уақытта көптеген сала мамандары дабыл қағып осы мәселені көтеруде. ҚР қой өсірушілер ұлттық ассоциациясының төрағасы Алмасбек Садырбаев 2021 жылы Маңғыстау облысында болған азық-түлік жетіспеушілігі басқа да облыстарда +10 коэффициенті көлемінде келетіндігін болжауда. [10] Бұл мәселе қой шаруашылығын ұйымдастыру жағдайын жан-жақты талдап, тиімді және кемшін тұстарын көрсете отырып, тиімді оперативті және стратегиялық жоспарлар құруды қажет етеді. Қой шаруашылығы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуші сала есебінде сұраныста болары сөзсіз.

Шаруашылықты ұйымдастырудағы басты мәселенің бірі еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі. Еңбек ресурстарымен тиімді қамтамасыз ету қай саланың болмасын жетістікке жетудің басты шарты. [11] Қой шаруашылығын ұйымдастыруда кем дегенде 3 адам болуы тиіс: қойшы, оның әйелі, ол бір жағынан аздап есебінде жіне қойшының көмекшісі. Малды елді мекеннен тыс жерлерде бағуға байланысты балаларды оқыту мен олардың қасында болып тәрбиелеу де қойшы жанұясы үшін өзекті мәселе болары сөзсіз. Қой шаруашылығы саласын тиімді ұйымдастыруда бұл мәселе де шет қалмауы тиіс. Мемлекеттік деңгейде қой шаруашылығындағы қойшыларға нәтижелі еңбектері үшін мемлекеттік марапаттар беріліп, әлеуметтік пакет: тегін медициналық көмек пен балаларды интернатқа орналастырудан бастап, жеңілдетілген жоғары оқу орнына түсу мүмкіндіктері қарастырылуы тиіс.

Әрине қой шаруашылығын ұйымдастыруға мемлекеттік қолдаулар қарастырылған. «Жетісу» қой өсірушілер аймақтық ассоциациясы заңды тұлғалар бірлестігінің басшысы К.Абдельденов мырза соңғы жылдары қой шаруашылығымен айналысуға мүмкіндіктердің молайып келе жатқандығын алға тартты. Ең бастысы әлем бойынша қой етінің бағасының артуы. Белсенді түрде қой етін экспорттау екі жыл бұрын басталды. Қазіргі уақытта елімізде шаруашылық селекциялық жұмыстармен айналысатын болса, асыл тұқымды қойдың 1 аналық басына 2500 теңге, тауарлық басқа 1500 теңге субсидия бөлінеді. Егер фермер бір бас асыл тұқымды қой сатып алатын болса мемлекеттен 8000 теңге субсидия қарастырылған. Егер де 6-14 айлығында қойларды ет комбинатына өткізетін болса, 3000 теңге субсидия алады. [12]

Нәтижелер. Батыс Қазақстан облысы батыс макро-аймаққа жатады, мұнда мұнай-газ өнеркәсібі, машина жасау, азық-түлік өнеркәсібі, құрылыс индустриясы мен астық шаруашылығы мен мал шаруашылықтарына мамандандырылған. Еліміздің аграрлық секторды жаңғыртып, өндірісті арттыру мақсатындағы саясатын және Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы жерлерінің мүмкіндіктерін ескерер болсақ, ауыл шаруашылығы көрсеткіштері әлі де жақсартуды қажет етеді.

Батыс Қазақстан облысында жалпы өңірлік өнім құрылымында ең жоғарғы үлес салмағы өнеркәсіп саласына тиесілі (45,1%), құрылыс (5,7%), көлік және қоймалау (7,2%), көтерме және бөлшек сауда, автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу салалары сәйкесінше (9,6%)-ды

құрайды. Облыстың жалпы өңірлік өнім құрылымында ауыл шаруашылығы үлесі елеусіз және ол 3,28 % құрайды. Облыс халқының 661,3 мың адам болуы өңірдегі халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде жергілікті мал және өсімдік шаруашылығын тиімді ұйымдастыруды қажет етеді және бұған қолайлы табиғи-климаттық жағдайлар да бар. Облыс аумағындағы халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде қой шаруашылығының алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасындағы индустрияландыру картасы бойынша кәсіпкерлікті қолдау мақсатында ауыл шаруашылығы бағытындағы кәсіпкерлерге қаржылай және басқа қолдаулар көрсетілуі облыстағы мал шаруашылығымен айналысушы кәсіпкерлер саны артуына әкеліп отыр.

Батыс Қазақстан облысында барлығы ауыл шаруашылығымен айналысатын 8242 субъект тіркелген, соның ішінде 557 ауыл шаруашылығы кәсіпорны және 7685 шаруа (фермер) қожалықтары жұмыс жасайды. [3]


2 кесте мәліметтерінен Батыс Қазақстан облысындағы қой басы санын көреміз. Облыс бойынша жалпы қой саны 2020 жылы 1188800 бас, бұл базистік 2016 жылмен салыстырғанда 3,5 пайызға өскенмен 2018 жылдан бастап қой басы санының азаю тенденциясы байқалады. Облыстың кей аудандарында қой басы саны өскенімен негізі мал шаруашылығына бейімделген кейбір аудандарда мал басы азаған. Облыс орталығы Орал қаласы бойынша да қой малын ұстау саны өскендігін байқаймыз.

Кесте 1 – Батыс Қазақстан облысы бойынша қой басы саны, бас

Аудандар	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2020 ж/ 2016 жылға % қатынасы
Батыс Қазақстан облысы	1 149 119	1 155 586	1 147 873	1 130 644	1 188 800	103,5
Ақжайық	211 452	218 770	223 142	222 199	215 927	102,1
Бөкей ордасы	105 137	92 304	92 588	87 608	89 735	85,4
Бөрлі	23 576	21 032	21 269	17 552	19 424	82,4
Жаңақала	166 475	168 845	160 458	153 088	160 222	96,2
Жәнібек	62 075	66 758	68 011	59 405	60 305	97,2
Бәйтерек	54 694	54 569	55 830	56 634	58 370	106,7
Казталов	219 413	227 008	228 564	230 985	250 193	114
Қаратөбе	68 865	69 028	62 869	63 930	76 807	111,5
Сырым	84 348	78 438	76 995	76 998	82 027	97,3
Тасқала	57 150	59 093	56 291	60 125	70 530	123,4
Теректі	61 062	61 634	63 811	63 121	63 677	104,3
Шыңғырлау	30 667	33 137	33 148	33 658	35 266	115
Орал қаласы	4 205	4 970	4 897	5 341	6 317	150,2

Облыстағы қой басының үлесі Ақжайық, Казталов және Жаңақала аудандарында шоғырланған. Бөкейорда, Бөрлі аудандарында қой басы санының азаю тенденциясын байқаймыз. Бөкейорда ауданында базисті жылға қарағанда қой басы 14,6 %, Бөрлі ауданында 17,6 % азайған және қой басы азаюы Жаңақала, Жәнібек, Сырым аудандарында байқалады. Бұл соңғы жылдардағы пандемияға байланысты халықтың жылқы өнімдеріне деген сұраныстың артуына байланысты жылқы шаруашылығына бейімделе бастауымен түсіндіруге болады. Бәйтерек, Шыңғырлау аудандары қой басы саны бойынша ең аз үлесін құрайды, бұл олардың табиғи-климаттық жағдайға байланысты өсімдік шаруашылығына мамандануымен түсіндіріледі.

Батыс Қазақстан облысы бойынша қой шаруашылығымен айналысушы шаруашылықтар категорияларындағы қой басы санын келесі суреттен көруге болады.



Сурет 1 – Шаруашылық санаттары бойынша қой мен ешкі бас саны, бас

Облыста шаруашылық санаттары бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа (фермер) қожалықтарындағы қой басы саны өскені байқалады. Есепті жылы барлық қой басының 38156 басы 3,37 % ауыл шаруашылық кәсіпорындарында, 557444 басы 49,30 % шаруа (фермер) қожалықтарында болса, 535044 бас 47,32 % жұртшылық шаруашылықтарының қолында. Қой басының негізгі үлесі шаруа қожалықтары мен жеке жұртшылық шаруашылықтарында болуы да шағын кәсіпорындар есебінде қой шаруашылығы дамуын тежеуші фактор ретінде анықталады. Жұртшылық шаруашылықтарында базистік жылғы көрсеткішке қарағанда есепті жылы қой басы 5,08 %-ке төмендеген. Жалпы динамикада жұртшылық шаруашылығында да жылқы өсіруге бет бұра бастағанын көреміз.

Ғылыми зерттеу мекемелерінің мәліметі бойынша 600 түрлі арамшөптің 570 түрін қой, 81 түрін жылқы, ал сиыр 56 түрін жейді екен. [4] Қойдың аса пайдалы қасиеті тез жетілгіштігі мен өсімталдығы. Қой 5 ай шамасында қоздайды. Сондықтан азықтандыру, бағу-күту жағдайы келіссе қойды жылына екі рет немесе екі жылда үш рет қоздатуға болады. Қой егізді де көп табады. Осындай табиғи ерекшеліктеріне, беретін өнімдерінің көптігіне байланысты шаруашылық үшін өте пайдалы мал болып табылады. [5]

Батыс Қазақстан облысындағы қойдан алынған төлді келесі кесте мәліметтерінен көреміз.

Кесте 2 – БҚО алынған қой төлі, бас


	2016	2017	2018	2019	2020	2020 ж/ 2016 жылға % қатынасы
Қозылар	552,1	573,0	574,3	581,5	586,8	106,3
100 аналыққа есептегендегі алынған төл						
Қозылар	85	87	88	90	88	103,5

Қой төлдерін алу базистік 2016 жылға қарағанда есепті 2020 жылы 6,3 %-ке артқан. 100 аналыққа есептегендегі алынған төл басы да 3,5 % артқан. Бұл облыстағы жалпы қой өнімділігінің артуын көрсетеді.

Қойдан алынатын басты өнімнің бірі - жүн. Батыс Қазақстан облысы республикадағы аса бағалы тектік тұқымды қоры еділбай тұқымды етті-майлы бағыттағы және ақжайық етті-жүнді тұқымды қойы бар асыл тұқымды қой шаруашылығымен айналысатын ірі өңірлердің бірі болып табылады.

Ақжайық етті жүнді қой тұқымы саны мен өнімділік деңгейі бойынша Қазақстанда қос бағыттағы қой тұқымдарының арасында жетекші орын алады. Ғылыми-ізденіс жұмыстарының нәтижелері жалпы қой санының 86,1 % ұнамды типке жататынын көрсеткен. [6]

Жалпы облыс бойынша жүн өндіру көлемі артқан, 2020 есепті жылы базистік 2016 жылға қарағанда 53,4 тоннаға немесе 2,7 %-ға өскен, дегенмен жекелеген аудандарда жүн өндіру көлемінің төмендеу тенденциясы байқалады. Ақжайық, Бөкейорда, Бөрлі аудандарында сәйкесінше 7%, 19,2 % және 31,9 % азайған. Бұл осы аудандардағы қой басы санының азаюымен түсіндіруге болады. Мал басы саны азаюы себепті оның алынатын өнім көлемі де төмендеп отыр.




2 сурет – Шаруашылық санаттары бойынша өндірілген жүн, тонна

2 суреттен Батыс Қазақстан облысындағы жүн өндіру көлемін қарастыра отырып, басты өндіруші дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары мен жұртшылық шаруашылығы екенін көреміз. Динамикада жүн өндіріс көлемінің ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында өспегенін көреміз, бұл жүн өнімдеріне деген сұраныстың жоқтығын көрсетеді. Есепті 2019 жылы ауыл шаруашылық кәсіпорындарында өндірілген жүн көлемі барлық жүн көлемінің 2,01%, дара кәсіпкерлер және шаруа немесе фермер қожалықтары 46,99%, жұртшылық шаруашылығы 50,99 % құрайды. Жүн өндірісі негізінде жаңа өңдеуші кәсіпорындар құру мен оны инновациялық негізде ұйымдастыру болашақтағы алға қойылатын басты міндеттердің бірі болуға тиіс.

Қазақстанда ет саласын дамытуға барлық жағдайлар бар. Осыған байланысты елімізде мал шаруашылығын дамытудың ұлттық бағдарламасы жасалып дайындалды. [7] Қой етін өндіру етті бағыттағы мал шаруашылығын дамытудың ұлттық бағдарламасында потенциал бойынша топ-15 өнімнің түріне кіреді. Бағдарлама негізінде 600 бас қой иемденген 100 мың бас отбасылық фермалар саланың негізін құраушы болады.[8]

Батыс Қазақстан облысындағы ет өнімдерін тұтыну көлемін келесі суреттен көруге болады.



Сурет 3 – Батыс Қазақстан облысындағы ет және ет өнімдерін тұтыну көлемі жылына халықтың орташа жан басына шаққанда, кг

Ет одағының мәліметі бойынша халықтың жан басына шаққандағы ет және ет өнімдерін тұтыну көлемі базисті жылға қарағанда есепті жылы 20,31 %-ке артқан.

3 кесте – Шаруашылықта сойылғаны және союға өткізілгені, мың-тонна

Көрсеткіштер	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2020ж 2016ж қарағанда % қатынасы
шаруашылықта сойылғаны және союға өткізілген қойлар (тірідей салмақта)	19,8	21,1	19,9	19,8	19,8	100
шаруашылықта сойылғаны және союға өткізілгені қойлар (сойыс салмақта)	9,0	9,6	9,1	9,0	9,0	100

Ет және ет өнімдеріне деген сұраныс артуы себепті союға өткізілген қой басы саны да динамикада артып отыр. Тірідей салмақтағы шаруашылықта сойылғаны және союға өткізілген қойлар 2019 жылы базисті 2015 жылмен салыстырғанда 10,61 %-ке артқан, сәйкесінше сойыс салмағы бойынша шаруашылықта сойылғаны және союға өткізілгені қойлар 9,76 %-ке өскен.

Кесте 4 - Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы қой мен ешкі өнімін өндірудің пайдалылық (залалдылық) деңгейі, пайызбен

	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2020 ж. 2016 ж. ауытқуы %-бен
Батыс Қазақстан облысы	20,4	36,1	19,7	35,3	25,1	123,
Ақжайық	27,3	32,6	25,0	52,6	26,8	98,5
Бөрлі	47,8	-	8,2	-	-	-
Жаңақала	2,6	32,4	42,7	28,5	-	-
Жәнібек	53,9	-	26,9	-	3,2	5,9
Бәйтерек	98,4	54,7	84,8	91,4	-	-
Казталов	12,9	62,0	20,6	71,9	65,4	507
Қаратөбе	-	-	39,3	66,9	122,6	-
Сырым	7,6	9,9	9,1	3,8	-	-
Тасқала	3,8	9,3	-28,2	-7,2	11,1	292,1
Теректі	18,3	21,4	24,9	-78,4	64,2	350,8
Шыңғырлау	-5,7	-	-	44,4	81,4	-1428
Орал қаласы	20,8	59,4	37,5	-	-	-

Батыс Қазақстан облысы бойынша қой мен ешкі өнімдерін өндіру есепті жылы 25,1 % пайдамен аяқтаған. Жалпы динамикада ауыл шаруашылығы кәсіпорындарындағы қой мен ешкі өнімін өндірудің төмендегенін көреміз. 2020 жылы пайдалылық деңгейінің жалпы төмендеуі облыстың кейбір аудандардағы құрғақшылықпен байланысты жем-шөп жетіспеушілігінен және пандемияның салдарынан мал басы санының азаюы есебінен болды. 2019 жылы облыс орталығы Орал қаласына жақын орналасқан аудандар Тасқала мен Теректі аудандарындағы қой шаруашылығы саласының сәйкесінше -7,2 % және -78,4 % зиянмен аяқтауы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына тиесілі жайылымның төмен құнарлылығы мен мал азығы жетіспеушілігінен мал басы жойылуы себепті орын алып отыр. Ақжайық, Жаңақала, Бәйтерек аудандарында ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қой шаруашылығын жақсы жолға қоюы себепті шаруашылықтар қызметін есепті жылы тиімді нәтижемен аяқтаған.

Шаруашылықтар қызметі тиімділігін сипаттаушы негізгі көрсеткіштердің бірі 1 центнер өткізілген өнімінің өзіндік құны. Батыс қазақстан облысы бойынша ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында қой мен ешкінің 1 центнер өткізілген өнімінің өзіндік құнын 4 кесте мәліметтерінен көреміз.

Облыс көлемінде ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында қой мен ешкінің 1 центнер өткізілген өнімінің өзіндік құнының өскенін көреміз. Тасқала пен Теректі аудандарында қойдың 1 центнер өткізілген өнімінің өзіндік құнының 2020 жылмен салыстырғанда сәйкесінше 7,5 % және 20,4 % төмендегенін көреміз. Бұл осы жылдардағы құрғақшылықпен байланысты азық-түлік жетіспеушілігі есебінен мал басын арзан бағаға өткізуге себепші болды. Дегенмен облыста 5 жылдық жалпы динамикада қой мен ешкі басы өнімдерінің өзіндік құны өскен.

Осы мәселелерді шешу мақсатында Қазақстан Республикасында «SHOPAN АТА Қазақстанның қой өсірушілер ұлттық ассоциациясы» бастамасымен Қой шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламасы жасалды. Бағдарламаның мақсаты ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту және қой шаруашылығында жаппай тұрақты кәсіпкерлікті қалыптастыру арқылы олардың әл-ауқатын жақсарту. [13]

Мемлекеттік қолдаулар көрсетілгенмен, оны алу механизмі жетілдірілмеген. Шаруа (фермер) қожалықтарының көп бөлігі шағын қожалықтар болуы себепті қаржылық мүмкіндіктері шектеулілігі мен мемлекеттік қойылып отырған талаптарға сай келмеуі, сауатсыздығы мен жергілікті атқарушы органдардағы бюрократия салдарынан субсидия ала алмауда. Сонымен қатар қазіргі уақытта қой шаруашылығын ұйымдастырудағы басты мәселелер қой басының 60%-тен астамы жеке қосалқы шаруашылықтарда шоғырлануы, төмен өнімділік пен еңбек пен тұрмыс жағдайының төмендігі, мамандардың жетіспеушілігі мен ауыл айналасындағы жайылымдардың нашарлығы. Сонымен қатар қой шаруашылығы мен текстильді және азық-түлік индустриясы арасындағы интеграцияның жоқтығы, шикізат дайындау инфрақұрылымының бұзылуы да басты мәселе.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кроссбредные мясо-шерстные овцы Западного Казахстана: монография / Б. Б. Траисов, Н. А. Балакирев, Ю. А. Юлдашбаев, Т. Н. Траисова, Б. К. Салаев. - М. : Издательство РГАУ-МСХА, 2019. - 297 с.
2. Бозымов, К. К. Акжайыкская мясо-шерстная порода овец и пути ее улучшения : монография / К. К. Бозымов, Б. Б. Траисов, А. Н. Баяхов; ред. Е. Г. Насамбаев. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана, 2014. - 229 с.
3. <https://stat.gov.kz>
4. Сабденов Қ., Омбаев Ә.М., Шауенов С., Исламов., Құлатаев Б. Қой шаруашылығының тиімділігін арттыру. Шымкент «Жебе» баспа үйі, 2010 ж., - 84 б.
5. Тореханов А. Қой шаруашылығын дамытудың мүмкіндіктері. Алматы, АҚІҚАТ – 2013. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/1849>
6. Бозымов, К. К. Акжайыкская мясо-шерстная порода: история, современность: монография / К. К. Бозымов, Б. Б. Траисов, К. Г. Есенғалиев; ред. Е. Г. Насамбаев. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана, 2018. - 315
7. <https://meatunion.kz/rus/>
8. Смагулов, Д. Б. Пути повышения экономической эффективности овцеводческой отрасли на западе Казахстана / Д. Б. Смагулов, М. Б. Окумбекова // Ғылым және білім=Наука и образование=Science and education. - 2020. - № 3-1 (60). Ч. 1. - С. 128-133
9. Tarshilova, L.S , Ibyzhanova, A.J., Yerzhanova, Z.K., Sultanov, A.U., Amangaliyeva, Z.K. Differentiating role of agro-climatic conditions in the development of grain farming in the region // Journal of Advanced Research in Law and Economics Volume 7, Issue 5, 1 September 2016, Pages 1193-120 <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85012012659&origin=resultslist>
10. <https://www.youtube.com/watch?v=CpGeexZ3j1Y>
11. Kenzhin, Z.^a, Erzhanova, Z.^b Sultanova, M.^b Beisembayeva, G.^c, Amangaliyeva, Z.^b The ways to improve the human resource management in order to optimize the migration processes within the ces member countries // International Journal of Applied Business and Economic Research Volume 14, Issue 9, 2016, Pages 5737-5754.
<https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-4987836099&origin=resultslist>
12. <https://agrosector.kz/livestock/kazahstanskoe-ovcevodstvo-bolshe-myasa-i-menshe-shersti.html>

13. <https://foodindustry.kz/v-kazahstane-razrabotana-otraslevaya-programma-razvitiya-ovtsevodstva/>
14. Давлеев А. В три раза больше баранины к 2035 году. Как будет развиваться российское овцеводство/ А.Давлеев// Агроинвестор – 2021. 12 января.
15. Вершинин А.С. Современное состояние и перспективы развития племенной базы овцеводства забайкальского края/ А.С.Вершинин., П.С.Лиханов, Г.Г.Бронникова // Состояние, проблемы и перспективы развития овцеводства и козоводства в Российской Федерации: Материалы международной научно-практической конференции, проводимой в рамках XV Сибирско-Дальневосточной выставки племенных овец и коз. – Чита: Экспресс-издательство, 2018. – 180 с.
16. Свириденкова, М. А. (кандидат экономических наук; доцент). Современное состояние и перспективы развития овцеводства в Смоленской области / М.А. Свириденкова, Е.А. Александрова, В. В. Черненко // Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий. - 2013. - № 10. - С. 47-49.
17. Вершинин, А. С. Современное состояние и перспективы развития овцеводства в Забайкальском крае / А. С. Вершинин, Т. В. Мурзина, О. В. Пospelова // Достижения науки и техники АПК. - 2013. - № 9. - С. 57-59
18. Dovgotko, N.A. The condition of sheep breeding in the regions of Russia and a problem of increase of its competitiveness/ N.A.Dovgotko, M.V. Rusanovsky, E.V. Skiperskaya, G.V. Tokareva// Research Journal of Pharmaceutical, Biological and Chemical Sciences 7(2) – 2016., с. 527-533.
19. Sodnompilova, M.M. Magic in economic practices of inner asian nomadic livestock breeders / M.M.Sodnompilova, B.Z. Nanzatov, B.Z.// Oriental Studies 3(1) – 2020., с. 93-105.
20. Berry, P. Sheep meat and wool/ P.Berry // Agricultural Commodities 6(2) – 2016., с. 96-106.
21. Баранина. Обзор ВЭД / «Агроэкспорт» ФГБУ «Федеральный центр развития экспорта продукции АПК Минсельхоза России» // 26 октября 2021г. (Источник: OECD-FAO Agricultural Outlook 2021–2030, USDA)
22. Гончаров, А. Когда баранина станет мясом №1 в Казахстане / ElDala.kz – 2020. <https://eldala.kz/intervyu/1197-kogda-baranina-stanet-myasom-1-v-kazahstane>
23. Curtis, K. The sheep industry - Australia in the global scene/Curtis, K., Dolling, M. // International Journal of Sheep and Wool Science 54(1),3. – 2006. с. 9-16.
24. Smagulova, K.R Development of textile industry in Kazakhstan on the basis of perspective sheep breeding / K.R.Smagulova, O.Zh.Dossymova, Y.Y.Jolanov, A.A.Kadirbekova //Izvestiya Vysshikh Uchebnykh Zavedenii, Seriya Tekhnologiya Tekstil'noi Promyshlennosti Том 386, Выпуск 2 -2020., с. 31 – 35.

АННОТАЦИЯ

Целью данной статьи является оценка текущую ситуацию в организации овцеводства в Западно-Казахстанской области и показать потенциал повышения ее эффективности в перспективе. В статье рассмотрены вопросы организации овцеводства по Западно-Казахстанской области, являющейся приграничным регионом Республики Казахстан. Опираясь на труды отечественных и зарубежных ученых, показаны возможности и становление овцеводства, составлен прогноз объемов потребления мяса и мясопродуктов в Западно-Казахстанской области. Результаты статьи могут быть использованы для работы работников сельскохозяйственных учреждений, крестьянских хозяйств и научных исследователей, занимающихся сельским хозяйством, в том числе овцеводством. При выполнении задачи ускоренного развития агропромышленного комплекса в Республике Казахстан в условиях рыночной экономики во всех регионах в связи с природно-экономическими особенностями меняется и производство. Главным условием стало производство востребованной продукции, которая везде дает себе прибыль. С учетом сложившихся мировых тенденций и социальной ситуации агропромышленный комплекс должен стать высоко значимой, успешной отраслью экономики. Она должна способствовать расширению каналов экспорта сельскохозяйственной продукции, обеспечивая продовольственную безопасность страны. В Казахстане налаживается разведение поголовья, экспорт продукции в зарубежные страны. Потому что эта тенденция способствует развитию как мясного хозяйства, так и экономики страны.